«Бекітемін»
КМКК «Рудный музыкалық колледжі»
директорының м.а.
_______ Т.Н. Краснова
«___» __________ 2025 ж.

**Шығармашылық емтиханға қойылатын талаптар:**

| № | Мамандық коды, атауы | Біліктілік | Талаптар | |
|---|---|---|---|---|
| | | | Мамандық бойынша | Сольфеджио бойынша (жазбаша және ауызша) |
| 1. | **02120100 Интерьер дизайны** | 4S02120103 – Интерьер дизайнері | **Сурет – живопись**<br>**Композиция** | - |
| 2. | **02150100 Аспаптық орындаушылық (аспап түрлері бойынша)** | Арнайы фортепиано 4S02150101 Концертмейстер, Балалар музыка мектебінің (БММ) мұғалімі | Сольдік бағдарламаны орындау::<br>1. Полифония<br>2. Ірі форма<br>3. Кең көлемді пьеса<br>4. Этюд<br>5. Гамма (талаптарымен бірге) | **I. Музыкалық диктант:**<br>Бір дауысты.<br>**Форма** – екі сөйлемнен тұратын, бір тональді 8 тактілік период.<br>**Жазу уақыты** – 25–30 минут.<br>**Қайталап ойнату саны** – 8–10 рет.<br>**Метроритмдік күрделіліктер:**<br>– сегіздік және он алтылық топтар,<br>– пунктирлі ритм (нүктелі ширектік пен сегіздік, нүктелі сегіздік пен он алтылық),<br>– сегіздіктен тұратын триоль,<br>– ең қарапайым синкоп түрлері.<br>**Интонациялық күрделіліктер:**<br>– қарапайым интервалдар,<br>– диатоникалық және гармониялық тритондар,<br>– сипаттамалы интервалдар,<br>– негізгі үшдыбыстар мен септаккордтардың дыбыстары бойынша қозғалыс,<br>– хроматизмнің қарапайым өту және көмекші түрлері,<br>– диатоникалық секвенциялар.<br>(Шамаменгі күрделілік |
| | | Оркестрлік аспаптар (үрмелі және соқпалы) 4S02150102 – Оркестр әртісі (дирижер), БММ мұғалімі | Сольдік бағдарламаны орындау:<br>Екі түрлі мінездегі шығарма | |
| | | Орыс және қазақ халық аспаптары 4S02150103 – Халық аспаптар оркестрінің әртісі (дирижер), БММ мұғалімі | Сольдік бағдарламаны орындау:<br>I. *Домра малая (прима, альт, бас), баян/аккордеон, классическая гитара:*<br>**I. Сольдік бағдарлама:**<br>1. Полифония<br>2. Ірі форма (1 бөлім немесе 2–3 бөлім)<br>3. Кантилена<br>4. Оригиналды шығарма<br>5. Виртуозды сипаттағы шығарма<br>Осы тізімнен таңдауға 3 | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | шығарма орындалуы керек.<br>**II. Домбыра:**<br>1. Шерте күй<br>2. Төкпе күй<br>3. Таңдаулы пьеса<br>**III. Қобыз:**<br>1. Ірі форма<br>2. Екі түрлі мінездегі пьеса | деңгейі – Қосымша 1).<br>**II. Ауызша емтихан:**<br>**Теориялық білімді тексеру** – БММ бағдарламасы аясында (10 сұрақтан тұратын тест).<br>**Ән айту:**<br>Үш түрдегі мажор және минор лады;<br>Қарапайым және сипаттамалы интервалдар;<br>Мажорлық және минорлық үшдыбыстар мен олардың айналымдары,<br>D7 және оның айналымдары;<br>Бір дауысты номерді prima vista (парақтан алғаш көрумен) орындау.<br>(Шамаменгі күрделілік деңгейі – Қосымша 2).<br>**III. Есту арқылы талдау:**<br>– Қарапайым және сипаттамалы интервалдар;<br>– Мажорлық және минорлық үшдыбыстар мен олардың айналымдары, D7 және оның айналымдары. |
| | | Эстрадалық гитара 4S02150104 Эстрадалық аспаптар оркестрінің әртісі (дирижер), БММ мұғалімі | <u>Сольдік бағдарламаны орындау:</u><br><u>Екі түрлі мінездегі шығарма</u> | |
| 3 | **02150300 Вокалдық өнер** | 4S02150301-Академиялық ән айту әртісі, БММ мұғалімі | <u>Сольдік бағдарламаны орындау:</u><br><u>Екі түрлі мінездегі шығарма</u> | |
| | | 4S02150302-Дәстүрлі ән орындаушысы, балалар музыка мектебінің мұғалімі | <u>Сольдік бағдарламаны орындау:</u><br><u>Екі түрлі мінездегі шығарма (домбыра сүйемелдеуімен орындалатын қазақ халық әндері)</u> | |
| 4. | **02150400 Хор дирижерлігі** | 4S02150401-**Хормейстер, оқытушы** | <u>Сольдік бағдарламаны орындау:</u><br><u>Екі түрлі мінездегі шығарма (екі ән)</u> | |
| 5. | **02150200 Музыка теориясы** | 4S02150201-**Музыкатанушы, БММ мұғалімі (теориялық пәндер бойынша)** | **Мамандық бойынша емтиханға кіреді:**<br>Теория және музыкалық әдебиет бойынша тест тапсырмалары;<br><br>Викторина;<br>Мамандық (фортепиано) немесе жалпы фортепиано бойынша бағдарламаны орындау.<br>2–4 шығарма орындалады.<br><br>Тест сұрақтары:<br>Музыкалық әдебиет | **I. Музыкалық диктант:**<br>Бір дауысты.<br>Форма – екі сөйлемнен тұратын, бір тональді 8 тактілік период.<br>Жазу уақыты – 25–30 минут.<br>Ойнату саны – 8–10 рет.<br>**Метроритмдік қиындықтар:**<br>– сегіздік және он алтылық ноталар тобы,<br>– пунктирлік ырғақ (нүктелі ширектік пен сегіздік, нүктелі сегіздік пен он алтылық),<br>– сегіздік триольдер, |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | Музыканың көркемдік құралдарына түсінік беру:<br>әуен, лад, ырғақ, гармония, тембр.<br><br>Музыкалық шығармалардың авторлары мен атаулары (БММ бағдарламасы бойынша).<br><br>Төмендегі ұғымдарға анықтама беру:<br>Симфония<br>Опера<br>Балет<br>Увертюра<br>Соната<br>Сюита<br>Рондо<br>Вариация<br>Менуэт<br>Скерцо<br>Концерт<br>Ноктюрн<br>Либретто<br>Ария<br>Ансамбль<br>Дуэт<br>Трио<br>Квартет<br>Полифония<br>Фуга<br>Инвенция<br>Экспозиция<br>Реприза<br>Кульминация<br>Каденция (гармониялық айналым және концерттегі солист каденциясы)<br>Кода<br>Фольклор<br>Күй<br>Ақын<br>Айтыс<br><br>Симфониялық оркестр аспаптарының атаулары топтар бойынша.<br>Әншілік дауыстардың тембр атаулары.Композиторы | – қарапайым синкоп түрлері.<br>**Интонациялық қиындықтар:**<br>– қарапайым интервалдар,<br>– диатоникалық және гармониялық тритондар,<br>– сипаттамалы интервалдар,<br>– негізгі үшдыбыстар мен септаккордтардың дыбыстары бойынша қозғалыс,<br>– өтпелі және көмекші хроматизмнің қарапайым түрлері,<br>– диатоникалық секвенциялар. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | -«Венские классики»<br>«Могучая кучка» шығармашылық бірлестігінің композиторлары.<br>«Романтизм» бағытының композиторлары.<br>Қазақ халық әндерінің жанрлары.<br>Қазақ халық аспаптары.<br>Құрманғазының шығармалары (күйлері: «Сарыарқа», «Балбырауын», «Адай», «Кішкентай»)<br><br>**Музыка теориясы бойынша сұрақтар**<br><br>1. Мажор/минор лады дегеніміз не?<br>2. Гаммада неше басқыш (саты) бар?<br>3. Қандай басқыштар тұрақты / тұрақсыз деп аталады?<br>4. Қандай басқыштар негізгі деп аталады?<br>5. Мажор гаммасының құрылысы (табиғи түрі).<br>6. Минор гаммасының құрылысы (табиғи түрі).<br>7. VII жоғарылаған басқышы бар минор түрінің атауы.<br>8. VI төмендетілген басқышы бар мажор түрінің атауы.<br>9. VI және VII жоғарылаған басқыштары бар минор түрінің атауы.<br>10. VI және VII төмендетілген басқыштары бар мажор түрінің атауы.<br>11. Қай үлестен (доля) бұрын такт сызығы қойылады?<br>12. «Фа» нотасының кілтінің атауы. | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | 13. «Соль» нотасының кілтінің атауы.<br>14. Өлшем дегеніміз не? Қай жерде жазылады?<br>15. Күшті үлес (доля) дегеніміз не?<br>16. Әлсіз үлес (доля) дегеніміз не?<br>17. Акцент дегеніміз не?<br>18. Өлшемдегі жоғарғы және төменгі сандар нені білдіреді?<br>19. Интервал ұғымы.<br>20. Мелодиялық интервал.<br>21. Гармониялық интервал.<br>22. «Қарапайым» интервал дегеніміз не?<br>23. Қарапайым интервалдардағы басқыш саны (прима, секунда, т.б.).<br>24. Тритон ұғымы.<br>25. Табиғи мажорда үлкейтілген кварта (ув4) мен кішірейтілген квинта (ум5) қай басқыштарда құрылады?<br>26. Гармониялық мажорда ув4 пен ум5 қай басқыштарда құрылады?<br>27. Табиғи минорда ув4 пен ум5 қай басқыштарда құрылады?<br>28. Гармониялық минорда ув4 пен ум5 қай басқыштарда құрылады?<br>29. «Құрама» интервал ұғымы.<br>30. Интервалдың айналымы дегеніміз не?<br>31. Аккорд ұғымы.<br>32. Үшдыбыстың | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | анықтамасы.<br>33. Мажорлық үшдыбыстың интервалдық құрылысы.<br>34. Минорлық үшдыбыстың интервалдық құрылысы.<br>35. Мажорлық секстаккордтың интервалдық құрылысы.<br>36. Минорлық секстаккордтың интервалдық құрылысы.<br>37. Мажорлық квартсекстаккордтың интервалдық құрылысы.<br>38. Минорлық квартсекстаккордтың интервалдық құрылысы.<br>39. Ладтағы негізгі үшдыбыстар және олардың айналымдары қай басқыштарда құрылады?<br>40. Септаккорд ұғымы.<br>41. Доминантсептаккорд (D7): анықтамасы, интервалдық құрылысы, шешілуі.<br>42. Доминантсептаккордтың айналымдары: интервалдық құрылысы және шешілуі.<br>43. D7 қандай ладада құрылады?<br>44. VII7: анықтамасы, түрлері, үлкейтілген және кішірейтілген VII7 (MVII7 және УMVII7) интервалдық құрылысы, шешілуі.<br>45. MVII7 және УMVII7 қандай ладада құрылады?<br>46. Квинта шеңбері дегеніміз не?<br>47. Тональдіктердегі | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | белгі саны (диез/бемоль саны).<br>**Музыкалық викторинаға қойылатын талаптар:**<br>1. Бах. «ХТК» - Прелюдия и фуга, до-минор. Токката и фуга ре-минор. Шутка.<br>2. Моцарт. Симфония№40, 1ч. Г.П., «Турецкий марш».<br>3.Бетховен. Симфония №5, 1ч. Г.П.,<br>«К Элизе»,<br>Соната №8, 1ч. Г.П.<br>4.Ф.Шуберт. «Неоконченная симфония»,1ч. Г.П.<br>5.Григ. «Пер Гюнт», Утро.<br>6.Шопен. Прелюдия ми-минор.<br>Вальс. (до-диез минор.)<br>7.Шуберт. Серенада.<br>8.Сен-Санс«Лебедь»<br>9.Глинка «Иван Сусанин».<br>Хор «Славься»<br>10. Бородин. «Князь Игорь». Ария «О, дайте, дайте мне свободу»,2д.<br>«Богатырская симфония», 1ч. Г.П.<br>11.Римский-Корсаков «Снегурочка», пролог. Ария Снегурочки «С подружками…», «Шехеразада» - т. Шехеразады.<br>12. Чайковский. «Евгений Онегин», вступление к опере. «Времена года», «Октябрь».<br>13. Мусоргский. «Борис Годунов», Песня Варлаама «Как во городе», «Картинки с выставки» -«Избушка на курьих ножках ».<br>14.Глинка «Камаринская», «Я помню чудное мгновенье». «Попутная песня» | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | 15.Курмангазы «Сары-Арка»<br>16. Даулеткерей. «Косалка»<br>17. Таттимбет «Сарыжайляу»<br>18. Дина Нурпеисова «Той бастар»<br>19. Каз. нар. песня «Елимай»<br>20.Ахан серэ «Балхадиша»<br>21. Жаяу Муса «Ак сиса»<br>22. Абай «Айттым, салем, Каламкас»<br>23.Абай «Козымнын карасы»<br>24. М.Тулебаев. Опера «Биржан и Сара», 1д. «Айтыс».<br>25. Брусиловский Опера «Кыз-Жибек», песня «Гакку».<br>26.Л.Хамиди «Казахский вальс». | |

***Ескерту:***

1. **Музыкалық дайындықсыз талапкерлерге арналған шығармашылық қабылдау емтиханына қойылатын талаптар:**
   Музыкалық дайындығы жоқ талапкерлердің музыкалық қабілеттері тексеріледі:

- музыкалық есту қабілеті;
- ырғақ сезімі;
- есте сақтау қабілеті.

Егер талапкерде музыкалық аспапта ойнаудың бастапқы дағдылары болса, оларды көрсетуге рұқсат етіледі.

2. **Орташа баллдың қалыптасуы:**
   Негізгі орта білімі бар (9 сынып) талапкерлер үшін орташа балл келесі үш пән бойынша бағалар/баллдар негізінде есептеледі:

- міндетті пән (қазақ тілі немесе орыс тілі);
- мамандық бейініне сәйкес екі пән.

## Қосымша 1.
## Музыкалық диктант

Шамаменгі күрделілік деңгейі – БММ 7-сынып:



БММ 5-сынып:



Қосымша 2.
Парақтан оқу үшін бір дауысты шығарманың шамаменгі күрделілік деңгейі

БММ 7-сынып:



БММ 5-сынып:

